

## Орта білімнен кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы N 586 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 10 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5029 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 10 Бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 15.01.2013 № 10 Бұйрығымен.**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Орта білімнен кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесі бекітілсін.

2. Техникалық және кәсіптік білім департаменті (Қ.Қ. Бөрібеков) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Ф.Қуанғановқа жүктелсін.

*Министр*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
Б і л і м            ж ә н е            ғ ы л ы м            м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 7            ж ы л ғ ы            2 9            қ а р а ш а д а ғ ы  
N 586 бұйрығымен бекітілген

## **Орта білімнен кейінгі білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесі 1. Жалпы ережелер**

1. Осы орта білімнен кейінгі білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі

Заңына сәйкес меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына карамастан орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына (бұдан әрі - білім ұйымдары) оқуға қабылдаудың тәртібін белгілейді.

2. Білім беру ұйымдарына Қазақстан Республикасының азаматтары: шетелдік азаматтар және Қазақстан Республикасының заңнамасында, халықаралық шарттарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарымен жасалған келісім-шарттарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар; жалпы орта білімі, техникалық және кәсіптік білімі бар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар қабылданады.

Басқа шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар білім беру ұйымына Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасында бекітілген халықаралық шарттарда белгіленген тәртіппен қабылданады.

3. Білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде:

1) I, II топтардағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек-балалар арасынан шыққан азаматтарды;

2) жеңілдектер мен кепілдіктер бойынша соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектеріне теңестірілген адамдарды;

3) Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтарды;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарды;

5) жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды қабылдау үшін квота қарастырылады.

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар азаматтар мамандықтарына мәнделес мамандықтар бойынша қысқартылған мерзіммен оқуға қабылданады.

Аталған санаттағы тұлғалар үшін түсу емтихандары пәндерінің тапсыру нысаны мен тізбесін оқу орындары белгілейді.

5. Мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеу талап етілетін техникалық және кәсіптік білімнің жекеленген мамандықтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырыстарымен оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес ұлттық қауіпсіздік органдарының рұқсат бар білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

## **2. Қабылдауды ұйымдастыру**

6. Білім беру ұйымдарында оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау, түсу емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау үшін жұмысын 1 маусымнан кешіктірмей бастайтын қабылдау комиссиясы құрылады.

7. Білім беру ұйымдары қабылдау комиссияларының өңірлерге барып азаматтарды оқуға қабылдау жұмысын ұйымдастыруы құрылтайшының келісімі бойынша шешіледі.

8. Қабылдау ережелері, сондай-ақ өтініштерді қабылдауды ұйымдастыру жөніндегі қабылдау комиссияларының шешімі, түсу емтихандарын өткізу жөніндегі кесте туралы ақпарат, оқуға түскені туралы нәтижелер уақытылы оқуға түсушілердің назарына қабылдау комиссиясы жеткізеді.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009.12.28 N 602 бұйрығымен.**

9. Білім беру ұйымдарында оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау 20 маусымнан бастап 20 тамыз аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына 20 маусымнан 20 қыркүйек аралығында жүзеге асырылады.

Оқудың күндізгі нысанына түсу емтихандары 1 тамыздан бастап 28 тамыз аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына 1 тамыздан 25 қыркүйек аралығында өткізіледі.

10. Білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы өтінішке қосымша оқуға түсушілер білімі туралы құжаттың түпнұсқасын, ағымдағы жылғы жалпы орта білім беру ұйымдарының бітірушілері N 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы (I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін сараптама медициналық-әлеуметтік тұжырымды), 3x4 көлемдегі 4 суретті, ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелері туралы сертификатты (бұдан әрі - ҰБТ сертификаты) немесе кешенді тестілеудің сертификатын қоса береді. Оқуға түсушінің тұлғасын куәландыратын құжаттары (төлқұжаты немесе тууы туралы куәлігі) жеке ұсынылады.

Оқытудың нысандары бойынша және шарттық негізде (ақылы) оқуға түсушілерден түскен өтініштер жеке тіркеледі және ескеріледі.

#### 11. Түсу емтихандары :

- жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімі бар азаматтар үшін (шетелде өзбек, ұйғыр, тәжік тілдерінде оқытатын халықаралық оқушыларды алмасу желісі бойынша оқыған жалпы орта білім беру ұйымдарына, республикалық музыкалық мектеп-интернаттарына мәнделес емес мамандықтар бойынша түскен техникалық және кәсіптік ұйымдарды) ағымдағы жылғы бітірушілер, сондай-ақ өткен жылдардағы бітірушілер) жалпы орта білім беру бағдарламаларының көлемінде үш пән бойынша (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және

мамандық бейіні бойынша пән) жүргізіледі.

Мамандық бейіні бойынша осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес айқындалады.

12. 11-тармақта көрсетілген жалпы орта білімі бар азаматтар, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар азаматтар үшін мәндес мамандықтар бойынша қысқартылған мерзіммен оқуға түсу кезінде: тестілеуді немесе пәндер бойынша емтихандарды білім беру ұйымы белгілейді. Білім беру ұйымдарына оқуға түсушілер түсу емтихандарын қазақ немесе орыс тілдерінде тапсыруын таңдауға құқылы.

13. Түсу емтихандарын өткізу кезінде:

1) тестілеу нысанында әрбір пән бойынша тестілеу тапсырмаларының саны 30 ; әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы 1 балмен бағаланады; үш пән бойынша тестілеуге 2 сағат 15 минут, ал екі пән бойынша 1 сағат 30 минут беріледі; дұрыс жауаптар коды тестілеу аяқталғаннан кейін тез арада ілінеді; тестілеу нәтижелері өткізілген күні хабарланады;

2) пәндер бойынша емтихандар нысанында түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған "3", "4", "5" бағаларын қабылдау комиссиясы мынадай шкала бойынша: "3" - 10 балл, "4" - 20 балл, "5" - 30 балдарға ауыстырады.

14. Бірыңғай талаптарды сақтауды қамтамасыз ету және тест тапсырмаларын (сұрақтарын) бағалау және пәндер емтихандары кезіндегі даулы мәселелерді шешу, түсушілердің құқығын қорғау мақсатында білім беру ұйымында апелляциялық комиссия құрылады.

Тестілеу немесе пәндер бойынша түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген азамат апелляцияға береді.

Апелляция түсу емтихандарының нәтижелері хабарланғаннан кейін бір тәулік ішінде қабылдау комиссиясына беріледі және өтініш берушінің қатысуымен апелляциялық комиссияда қаралады.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009.12.28 N 602 бұйрығымен.**

15. Тестілеуді немесе пәндер бойынша түсу емтихандарын қайта тапсыруға болмайды.

### **3. Білім алушылар құрамына қабылдау**

16. Білім беру ұйымдарына оқуға азаматтарды қабылдау конкурстық негізде азаматтардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады. Конкурстың шарттары білім алу құқықтарын сақтауға кепілдік беруі және орта білімнен кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгеруге неғұрлым қабілетті және даярлығы бар азаматтарды қабылдауды қамтамасыз етуі тиіс.

Білім беру ұйымдарына қабылдау оқытудың күндізгі нысанына 25 тамыз бен 30 тамыз аралығында, оқытудың кешкі және сырттай нысанына 15 қыркүйек пен 30 қыркүйек аралығында конкурстық негізде өткізіледі.

## 1 7 . К о н к у р с :

ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі - ҰБТ) сертификаттарының балдары негізінде :

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнына түсу үшін кешенді тестілеу нысанында өткізілген түсу емтихандарының нәтижелері бойынша берілген сертификаттар балдары негізінде;

пәндер немесе білім беру ұйымдары жүргізген тестілеу нысаны бойынша түсу емтихандарының нәтижелерінен алынған балдар (бағалар) негізінде жүргізіледі.

Қабылдау конкурсын өткізу кезінде ҰБТ-да немесе кешенді тестілеу сертификаттарында көрсетілген үш пәннің балдар сомасы ескеріледі.

Білім алушылар құрамына қабылдану конкурсын қатысуға:

жалпы орта білімі барлар үшін үш пәннен 30 балдан кем, медицина мамандықтары бойынша 40 балдан кем, оның ішінде бейінді пән бойынша 20 балдан кем жинағандар жіберілмейді.

18. Орта білімнен кейінгі кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылар құрамына қабылдануға конкурс өткізу кезінде:

1) "Алтын белгі" белгісімен марапатталған адамдардың;

2) білім беру саласындағы уәкілетті орган тізбесін айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), орындаушылардың республикалық және халықаралық конкурстары мен спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздарының, сондай-ақ өздері таңдаған мамандықтар олимпиадаларының, конкурсының немесе спорттық жарыстардың пәніне сәйкес келген жағдайда, ағымдағы жылғы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жарыстар (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздарының басым қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылар құрамына қабылдауға арналған конкурсты өткізу кезінде көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, жетім балалардың және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, I және II топтағы мүгедектердің, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғысқа қатысушылар мен мүгедектерге теңестірілген тұлғалардың, медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындыларына сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қайшы келмейтін бала кезінен мүгедектердің, мүгедек балалардың және үздік білімі туралы құжаттары бар (куәліктер, аттестаттар,

дипломдар) азаматтардың (растайтын құжаттар болған жағдайда) айрықша қ ұ қ ы ғ ы б а р .

19. Білім беру ұйымдарына қабылдау мамандықтар, оқыту тілдері бойынша бөлек қабылдау комиссиясының ашық отырысында жүргізіледі.

20. Осы Ережемен реттелмеген бөлігінде білім беру ұйымына оқуға қабылдау тәртібі білім беру ұйымының құрылтайшысымен немесе құрылтайшыларымен ( мемлекеттік басқару органымен) белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Орта білімнен кейінгі білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесіне 1-қосымша

**Ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын Орта білімнен кейінгі білімнің кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша мамандықтардың тізбесі**

РК Кәсіптік білім беру мамандықтарының коды	Білімнің бейіні Мамандықтардың атауы	Біліктілігі	Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру оқу бағдарламаларын меңгерудің нормативтік мерзімі (жыл,ай)
			Жалпы орта білім беру базасында
1	2	3	4
<b>0200000 Құқық мамандықтары</b>			
0201002	Құқықтану		
0201012		Халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі маман	1 жыл 10 ай
0201022 (0205012)		Заңгер	1 жыл 10 ай
0202002	Құқық қорғау қызметі		
0202012		Заңгер	1 жыл 10 ай

**0300000 Білім беру мамандықтары**

0315002	Бейнелеу өнері және сызу		
0315012		Негізгі орта білім берудің бейнелеу өнері және сызу мұғалімі	1 жыл 10 ай
0318002	Технология		
0318012		Негізгі орта білім берудің технология мұғалімі (еңбекті өлшеу жөніндегі нұсқаушы)	1 жыл 10 ай
0322002	Саздық білім беру		
0322012		Негізгі орта білім берудің саз мұғалімі	1 жыл 10 ай
0310002	Дене тәрбиесі және спорт		
0310012		Негізгі орта білім дене тәрбиесі мұғалімі	1 жыл 10 ай
0310022		Спорт жөніндегі тренер-оқытушы	1 жыл 10 ай
0313002	Кәсіптік оқыту (сала бойынша)		
0313022		Ауыл шаруашылығы өндірісінің өндірістік оқыту шебері	1 жыл 10 ай
0313032		Автомобиль көліктерін жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі өндірістік оқыту шебері	1 жыл 10 ай
0313052		Тігін өндірісінің өндіру өндірістік оқыту шебері	1 жыл 10 ай
0313062		Тамақ өнімдері жөніндегі өндірістік оқыту шебері	1 жыл 10 ай
0313072		Кең бейінді өндірістік оқыту шебері	1 жыл 10 ай
0313082		Ауыл шаруашылығы өндірісін механикациялау жөніндегі өндірістік оқыту шебері	1 жыл 10 ай

0313102		Есептеу техникаларының бағдарламалық жасақтама жөніндегі өндірістік оқыту шебері	1 жыл 10 ай
0313112		Дәнекерлеу өндірісі жөніндегі өндірістік оқыту шебері	1 жыл 10 ай
0313122		Қайта өңдеуші заттардың технологиясы жөніндегі өндірістік оқыту шебері	1 жыл 10 ай
0314002	Бастауыш білім беру		
0314012		Бастауыш білім берудің мұғалімі	1 жыл 10 ай
0314022		Бастауыш білім берудің информатика мұғалімі	1 жыл 10 ай
0314032		Бастауыш білім берудің шетел тілінің мұғалімі	1 жыл 10 ай
0324002	Білім беру ұйымының лаборанты		
0324012		Лаборант (пәндер бойынша)	1 жыл 10 ай
<b>3700000-Ақпараттық технологиялар</b>			
3707002	Ақпараттық жүйелер (қолдану аймақтары бойынша)		
3707012		Ақпараттық жүйелер маманы (салалар бойынша)	1 жыл 10 ай
<b>0400000-Медициналық мамандар</b>			
0401002	Емдеу ісі		
0401012		Фельдшер	2 жыл 10 ай
0401022		Акушер	2 жыл 10 ай
0402002	Медбике ісі		
0402012		Жалпы практиканың медбикесі	2 жыл 10 ай
0402022		Мамандандырылған медбике	2 жыл 10 ай
0403002	Гигиена және эпидемиология		
0403012		Гигиенашы-эпидемиолог	2 жыл 10 ай



0404002	Стоматология		
0404012		Тіс дәрігерінің көмекшісі	2 жыл 10 ай
0405002	Лаборатория-лық диагностика		
0405012		Медициналық лаборант	2 жыл 10 ай
0406002	Фармация		
0406012		Фармацевт	2 жыл 10 ай
<b>0500000-Мал дәрігері</b>			
0501002	Мал дәрігері		
0501012		Фельдшер-мал дәрігері	1 жыл 10 ай
0501022		Малдәрігерлік санитар	1 жыл 10 ай
0502002	Лаборатория-лық іс		
0502012		Малдәрігерлік фельдшер-лаборант	1 жыл 10 ай
0503002	Мал дәрігерлік іс		
0503012		Малдәрігерлік фельдшер-инспектор	1 жыл 10 ай
<b>0700000-Экономикалық мамандықтар</b>			
0701002	Статистика		
0701012		Статист	1 жыл 10 ай
0703002	Қаржылар (салалар бойынша)		
0703012		Қаржыгер	1 жыл 10 ай
0703022 (0716002)		Банк ісі маманы	1 жыл 10 ай
0703032 (0720002)		Қаржы құқығы маманы	1 жыл 10 ай
0703042 (0708002)		Биржа ісі маманы	1 жыл 10 ай
0703052 (0718002)		Сақтандыру ісі маманы	1 жыл 10 ай
0705002	Есеп және аудит (салалар бойынша)		
0705012		Бухгалтер-аудитор	1 жыл 10 ай
0705022		Экономист-бухгалтер	1 жыл 10 ай
0711002	Экономика (салалар бойынша)		

0711012		Экономист	1 жыл 10 ай
0712002	Менеджмент (салалар бойынша)		
0712012		Менеджер	1 жыл 10 ай
<b>0800000-Қызмет көрсету мамандықтары</b>			
830102	Қызмет көрсету ұйымы		
0830112		Қызмет көрсету саласының менеджері	1 жыл 10 ай
0 8 3 0 1 2 2 (0833002)		Қоғамдық тамақтандыру мекемелерінің менеджері	1 жыл 10 ай
0 8 3 0 1 3 2 (0829012)		Қонақ үй бизнесінің менеджері	1 жыл 10 ай
0 8 3 0 1 4 2 (0829022)		Туризм жөніндегі менеджер	1 жыл 10 ай
0831002	Маркетинг (салалар бойынша)		
0831012		Маркетолог	1 жыл 10 ай
0831022 (0706012)		Тауартанушы-сарапшы	1 жыл 10 ай
0832002		Аударма ісі	
0832012		Референт	1 жыл 10 ай
0204002	Әлеуметтік жұмыс		
0204012	Әлеуметтік жұмыстар жөніндегі маман		1 жыл 10 ай
0713002	Бағалау (қолдану аймақтары мен салалар бойынша)		
0713012		Бағалаушы-сарапшы	1 жыл 10 ай

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Орта білімнен кейінгі білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесіне 2-қосымша

**Орта білімнен кейінгі білімнің оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын, білім беру ұйымдарында білім алуға түсу емтихандары үшін орта білімнен кейінгі кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша мамандары даярлау жүзеге асырылатын мамандықтар бейіні бойынша жалпы білім беру пәндерінің тізбесі.**

Коды	Мамандықтардың атауы	Біліктілігі	Жалпы орта білім беру базасындағы бейін пәнінің атауы
1	2	3	4
<b>0200000 Құқық мамандықтары</b>			
0201002	Құқықтану		Дүниежүзілік тарих
0202002	Құқық қорғау қызметі		Дүниежүзілік тарих
<b>0300000 Білім беру мамандықтары</b>			
0315002	Бейнелеу өнері және сызу		Шығармашылық емтихан
0318002	Технология		Шығармашылық емтихан
0322002	Саздық білім беру		Шығармашылық емтихан
0310002	Дене тәрбиесі және спорт		Президенттік тест Арнайы емтихан
0313002	Кәсіптік оқыту (сала бойынша)		Математика
0314002	Бастауыш білім беру		Математика
0324002	Білім беру ұйымының лаборанты		Математика
<b>3700000 - Ақпараттық технологиялар</b>			
3707002	Ақпараттық жүйелер (колдану аймақтары бойынша)		Физика
<b>0400000 - Медициналық мамандықтар</b>			
0401002	Емдеу ісі		Биология
0402002	Медбике ісі		Биология

0403002	Гигиена және эпидемиоло- гия		Биология
0405002	Лаборатори- я л ы қ диагностика		Биология
0406002	Фармация		Химия
<b>0500000 - Мал дәрігері</b>			
0501002	Мал дәрігері		Биология
0502002	Лаборатория- лық іс		Биология
0503002	Мал дәрігер- лік іс		Биология
<b>0700000 - Экономикалық мамандықтар</b>			
0701002	Статистика		Математика
0703002	Қаржылар (салалар бойынша)		Математика
0705002	Есеп және аудит (салалар бойынша)		Математика
0711002	Экономика (салалар бойынша)		Математика
0712002	Менеджмент (салалар бойынша)		Математика
<b>0800000 Қызмет көрсету мамандықтары</b>			
0830102	Қызмет көрсету ұйымы		Математика
0831002	Маркетинг (салалар бойынша)		Математика
0832002	Аударма ісі		Шетел тілі
0204002	Әлеуметтік жұмыс		Қазақстан тарихы
0713002	Бағалау (қолдану аймақтары мен салалар бойынша)		Математика

